

**Спорттық-бұқаралық, ойын-сауық, мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындарда шыны ыдыстағы өнімдерді сату қағидасын бекіту туралы**

Ақмола облысы әкімінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 29 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 12 желтоқсанда № 4504 болып тіркелді

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 29 бабы, 1 тармағының 14) тармақшасына сәйкес, облыс әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ақмола облысында спорттық-бұқаралық, ойын-сауық, мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындарда шыны ыдыстағы өнімдерді сату қағидалары бекітілсін.

2. Осы облыс әкімінің шешімі Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*С.Кулагин*

А қ м о л а о б л ы с ы ә к і м і н і ң  
2 0 1 4 ж ы л ғ ы 2 7 қ а р а ш а д а ғ ы  
№ 2 9 ш е ш і м і м е н  
бекітілген

**Ақмола облысында спорттық-бұқаралық, ойын-сауық, мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындарда шыны ыдыстағы өнімдерді сату қағидалары**

1. Осы Ақмола облысында спорттық-бұқаралық, ойын-сауық, мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындарда шыны ыдыстағы өнімдерді сату қағидалары «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 29-бабы, 1 тармағының 14) тармақшасына сәйкес әзірленді және Ақмола облысында спорттық-бұқаралық, ойын-сауық, мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындарда шыны ыдыстағы өнімдерді сату тәртібін айқындайды.

2. Спорттық-бұқаралық, ойын-сауық, мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындарда шыны ыдыстағы өнімдерді сатуға, аталған өнімді сатуға арналған сауда объектілерінен және қоғамдық тамақтану объектілерінен тыс рұқсат етілмейді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК